

**«КМҒ Банк» АҚ-да
инсайдерлік ақпаратқа өкімдік етуді
және пайдалануды ішкі бақылау
қағидасы**

Бизнес-иегер	Комплаенс және ішкі бақылау басқармасы
Бекітілді:	Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «23» сәуірдегі № 4 хаттамасы
Күшіне енді:	Қоғам банк болып мемлекеттік қайта тіркелгеннен кейін күшіне енеді
Күші жойылған деп танылды:	
ІНҚ қол жеткізу деңгейі	Жалпыға қолжетімді ақпарат

**Алматы қ.,
2025 ж.**

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	3
2-тарау. Банктің инсайдерлері	4
3-тарау. Инсайдерлердің тізімін жүргізу	6
4-тарау. Инсайдерлік ақпарат	10
5-тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімдері	12
6-тарау. Банктің инсайдерлік ақпаратының пайдаланылуын бақылау	13
7-тарау. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік	16
8-тарау. Қорытынды ережелер	17

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «КМФ Банк» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа өкімдік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң), «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне және «КМФ Банк» АҚ (бұдан әрі – Банк) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.
2. Қағиданың мақсаты Банктің инсайдерлік ақпаратқа өкімдік ету және пайдалану мәселелерін регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ іскерлік бедел деңгейін жоғарылату, корпоративтік басқарудың, Банк тұрақтылығын қамтамасыз етудің жоғары деңгейін қолдау.
3. Осы Қағида мыналарды анықтайды:
 - 1) инсайдерлік ақпаратқа қатысты ақпараттың тізбесі;
 - 2) инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімдері;
 - 3) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын шектеу және мұндай ақпаратты инсайдерлердің заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу;
 - 4) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалардың тізімін жүргізу, өзекті күйде ұстау, сондай-ақ оларды тізімнен шығару тәртібі;
 - 5) инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар адамдар тізіміне енгізілген (шығарылған) жағдайда оларды хабардар етудің, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратқа өкімдік ету және пайдалану бөлігінде Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның және ішкі бақылау қағидаларының талаптары туралы адамдарды ақпараттандырудың тәртібі мен мерзімдері;
 - 6) инсайдерлер деп танылатын заңды тұлғалардың өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын қызметкерлері туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері;
 - 7) инсайдерлік ақпаратқа өкімдік етуді және оны пайдалануды бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өзге де ережелер.
4. Қағида шеңберінде бөлімшелердің қызметін үйлестіретін бөлімше комплаенс бақылау бөлімшесі болып табылады.
5. Осы Қағида мемлекеттік және орыс тілдерінде <https://kmf.kz/> Банк интернет-ресурсында, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және/немесе Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының интернет-ресурсында (Банктің бағалы

қағаздары (туынды қаржы құралдары) осы қор биржасының тізіміне енгізілген және болған жағдайда) орналастырылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мүдделі тұлғалардың сұрауы бойынша Банкке ұсынылады.

6. Осы Қағидада мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) Банк – «КМФ Банк» АҚ;
- 2) инсайдер - Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлға.
- 3) инсайдерлік ақпарат – жалпыға қолжетімді болып табылмайтын Банктің қызметіне қатысты ақпарат, егер бұл ақпарат Банктің мүліктік және қаржылық жағдайына тигізетін салдарға байланысты шығарылған (ұсынылған) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына ықпал етуге қабілетті болса, ол ресми ашылған (жарияланған) сәтке дейін инсайдерлік ақпаратқа жатады;
- 4) биржа, KASE – «Қазақстан қор биржасы» АҚ – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы саудасаттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, тікелей өткізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;
- 5) ҚЕД – қаржылық есептілік депозитарийі;
- 6) жалпыға қолжетімді ақпарат – қол жеткізу үшін шектеу қойылмаған және талап етпейтін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ашылуға жататын ақпарат;
- 7) инсайдерлер тізімі – Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын, Қағидаға сәйкес құрылатын және жаңартылып отыратын тұлғалардың тізімі;
- 8) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.
- 9) хабарлама – осы Қағиданың 2- және 3-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша инсайдерлердің тізімінен тұлғаларды қосу туралы мәлімдемені қамтитын хат.

2-тарау. Банктің инсайдерлері

7. Мына тұлғалар инсайдерлер болып танылады:

- 1) Басқарманың және Директорлар кеңесінің төрағасы, мүшелері;
- 2) Банктің барлық басшы қызметкерлері, Банктің бас бухгалтері, Басқарма құрамына кірмейтін Банктің басқарушы және атқарушы директорлары, Бас комплаенс-бақылаушы, құрылымдық бөлімшелердің барлық басшылары және олардың

орынбасарлары, филиалдардың директорлары және олардың орынбасарлары;

- 3) Басқарма Төрағасының, Басқарма мүшелерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің көмекшілері/хатшылары/кеңесшілері;
- 4) Қағиданың 4-Қосымшасында көрсетілген Банк бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері, сондай-ақ Банктің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын өзге де қызметкерлері;
- 5) Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің хатшылары;
- 6) Банк Басқармасы жанындағы комитеттердің мүшелері мен хатшылары (филиалдар комитеттерін қоспағанда);
- 7) Банктің дауыс беруші акцияларының он немесе одан көп пайызына (жарғылық капиталға қатысу үлесіне) иелік етуге, пайдалануға және (немесе) өкімдік етуге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар;
- 8) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашу көзделіп жасалған (оның ішінде ауызша жасалған) шартқа сәйкес Банк қызметтерін көрсететін басқа да тұлғалар;
- 9) тізіміне Банк шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;
- 10) сауда жүйесінде Банктің бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын қор биржасы директорлар кеңесінің және листингтік комиссиясының мүшелері;
- 11) уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомствосының қызметкерлері, оларға берілген функциялар мен өкілеттіктерге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар мемлекеттік қызметшілер;
- 12) Банк және өздеріне берілген өкілеттіктерге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын, осы тармақтың 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар мүше болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар;
- 13) осы тармақтың 7), 8), 9) және 12) тармақшаларында көрсетілген, өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын ұйымдардың қызметкерлері;
- 14) жоғарыда көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпарат алған тұлғалар.

8. Қағиданың 7-тармағының 7) - 14) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар олар қол жеткізген инсайдерлік ақпарат ашылғанға дейін осындай болып табылады.
9. Еңбек шартын бұзуға байланысты инсайдерлер тізімінен шығаруға жататын, Қағиданың 7-тармағының 1) - 6) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар еңбек шарты бұзылғаннан кейін 5 (бес) жыл бойы өздеріне белгілі инсайдерлік ақпаратқа қатысты конфиденциалдықты сақтауға міндетті.
10. Банк және Банк инсайдерлері болып танылатын тұлғалар инсайдерлік ақпараттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен регламенттелген ресми ашылу (жариялану) сәтіне дейін оның құпиялылығын қамтамасыз етеді.

3-тарау. Инсайдерлердің тізімін жүргізу

11. Банктің инсайдерлік ақпаратына және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздарға (туынды қаржы құралдарына) өкімдік етудің және пайдаланудың бақылануын қамтамасыз ету мақсатында Банк Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалардың тізімін (бұдан әрі – Банк инсайдерлерінің тізімі) жүргізеді және өзекті күйде ұстайды.
12. Банк инсайдерлерінің тізімін жүргізуге, оны өзекті күйде ұстауға, Банк инсайдерлік ақпаратына қол жеткізген тұлғаларды инсайдерлер тізіміне енгізу (тізімнен шығару) туралы оларды хабардар етуге, инсайдерлерді Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпаратқа өкімдік ету және пайдалану бөлігіндегі және осы Қағиданың талаптары туралы хабардар етуге жауапты бөлімше Комплаенс бақылау бөлімшесі болып табылады.
13. Банк инсайдерлерінің тізімін комплаенс бақылау бөлімшесі мына құрылымдық бөлімшелердің электрондық құжат айналымы жүйесіндегі қызметтік жазба бойынша Банк инсайдерлері – қызметкерлері ұсынған ақпараттың негізінде жасайды және өзекті күйде ұстайды:
 - 1) Қағиданың 7-тармағының 1) тармақшасы бойынша – тұлғаларды инсайдерлер тізіміне қосу және одан шығару қажеттілігі туралы ақпаратты Корпоративтік хатшы қызметі Директорлар кеңесі/Басқарма мүшелерін сайлау/өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады;
 - 2) Қағиданың 7-тармағының 2), 3) және 5) тармақшалары бойынша – қосу/шығару қажеттілігі туралы ақпаратты қызметкерлермен жұмыс жүргізу жөніндегі бөлімше жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады;

- 3) Қағиданың 7-тармағының 6) тармақшасы бойынша – қосу/шығару қажеттілігі туралы ақпаратты осындай органның хатшысы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады;
- 4) Қағиданың 7-тармағының 7) тармақшасы бойынша – тұлғаларды инсайдерлер тізіміне қосу және одан шығару қажеттілігі туралы ақпаратты қазынашылық бөлімшесі бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісінде тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады;
- 5) Қағиданың 7-тармағының 8) тармақшасы бойынша – тұлғаларды инсайдерлер тізіміне қосу және одан шығару қажеттілігі туралы ақпарат тиісті шарт жасалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі:
 - а) бағалау шартын жасауды бастаушы-бөлімше – бағалау ұйымдары бойынша;
 - б) реттеуші және ХҚЕС есептілігі бөлімшесі – аудиторлық ұйымдар бойынша;
 - в) қазынашылық бөлімшесі – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары бойынша;
 - г) Қағиданың 7-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес Банк қызметтерін көрсететін басқа тұлғалар бойынша – тұлғаларды инсайдерлер тізіміне қосу және одан шығару қажеттілігі туралы ақпаратты Банк атынан осындай шарттар жасаған құрылымдық бөлімшелер ұсынады;
- 6) Қағиданың 7-тармағының 9) тармақшасы бойынша – тұлғаларды инсайдерлер тізіміне қосу немесе одан шығару қажеттілігі туралы ақпаратты қазынашылық бөлімшесі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

14. Мына тұлғалар Банктің инсайдерлері болып танылады және ақпаратты compliance@kmf.kz электрондық мекенжайға жіберу арқылы Банкке ақпарат береді:

- 1) Банктің дауыс беруші акцияларының он немесе одан көп пайызына (жарғылық капиталға қатысу үлесіне) иелік етуге, пайдалануға және (немесе) өкімдік етуге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар;
- 2) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашу көзделіп жасалған (оның ішінде ауызша жасалған) Шартқа сәйкес Банкке қызметтерін көрсететін басқа да тұлғалар;
- 3) тізіміне Банк шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушылар;

- 4) Банк және өздеріне берілген өкілеттіктерге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын, осы тармақтың 1)- 3) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар мүше болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар;
15. Осы Қағиданың 14-тармағында көрсетілген тұлғалардан Банк алатын ақпарат мынадай мәліметтерді қамтиды:
- жеке тұлғалар үшін
 - 1) аты-жөні (әкесінің аты – бар болса);
 - 2) ЖСН;
 - 3) туған күні;
 - 4) Банк инсайдерлері тізіміне енгізуге негіздеме;
 - 5) Банктің инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздеменің туындаған күні/Банктің инсайдерлер тізімінен шығару күні.
 - заңды тұлғалар үшін:
 - 1) заңды тұлға атауы;
 - 2) БСН;
 - 3) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері;
 - 4) Банк инсайдерлері тізіміне енгізуге негіздеме;
 - 5) Банк инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздеменің туындаған күні/Банктің инсайдерлер тізімінен шығару күні.
- 16.Комплаенс бақылау бөлімшесі құрылымдық бөлімшелерден ақпарат алғаннан кейін инсайдерлер тізіміне осындай ақпаратты алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей мәліметтер енгізеді.
- 17.Банк инсайдерлері болып табылатын Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері комплаенс бақылау бөлімшесіне ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен шынайылығы үшін, сондай-ақ оны беру мерзімдерінің сақталуы және өзекті күйде ұсталуы үшін (оның ішінде инсайдерлер деректемелерінің өзектілігі бөлігінде) дербес жауапкершілік көтереді.
- 18.Комплаенс бақылау бөлімшесі инсайдерлер тізімін
- 1) тұлғаның инсайдерлер тізіміне енгізілуіне себеп болған негіздеме өзгерген жағдайда;
 - 2) инсайдерлер тізіміне енгізілмеген тұлға инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізген жағдайда;
 - 3) инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлға инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігін жоғалтқан жағдайда міндетті түрде жаңартуға тиіс.
- 19.Комплаенс бақылау бөлімшесі Банк инсайдерлеріне олардың Банк инсайдерлерінің тізіміне енгізілгені туралы, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның және осы Қағиданың талаптары туралы осы Қағидаға 2,

3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тиісті хабарламаны инсайдерлерге Банк инсайдерлер тізіміне/тізімінен енгізілген/шығарылған тұлғаның Банкке белгілі мекенжайы бойынша (осындай тұлғаның осы хабарламаны алу фактісін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен) не электрондық поштасына жіберу арқылы хабарлайды.

20. Банк қызметкерлері болып табылатын Банк инсайдерлеріне хабарлама Банктің корпоративтік электрондық поштасы арқылы жіберіледі, басқа лауазымға ауысқанда немесе жұмыстан шығарылған кезде инсайдер болып табылатын Банк қызметкері хабарлама жібермей инсайдерлер тізімінен автоматты түрде шығарылады.

21. Инсайдерлер тізімі комплаенс бақылау бөлімшесінде Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (электрондық түрде және/немесе қағаз жеткізгіште) олар құрылған күннен бастап бес жыл бойы сақталады

22. Инсайдерлер тізімін Банк уәкілетті органға оның жазбаша талабы бойынша Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалар туралы ақпаратты ашумен талапта көрсетілген мерзімде береді.

23. Банк инсайдерлерінің тізімі дербес деректерді қамтиды және конфиденциалды құжат болып табылады: Банк инсайдерлері-жеке тұлғалардың дербес деректерін жинау, өңдеу және сақтау «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

24. Әдістеменің 7-тармағының 7), 9) және 12) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлер:

- 1) қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты осы заңды тұлғалар өздеріне қатысты инсайдерлер деп танылған Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;
- 2) осы заңды тұлғалар өздеріне қатысты инсайдерлер деп танылған инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның және осы қағидалардың талаптары туралы және осы Қағиданың талаптары туралы өз қызметкерлерін ақпараттандыруға;
- 3) инсайдерлер деп танылған осы заңды тұлғалар Банкке қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлері туралы осы Қағидада белгіленген тәртіппен және мерзімде хабарлауға
- 4) өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлердің ұсынылатын дербес деректері «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының

талаптарына сәйкес жиналып, Банкке берілуіне кепілдік беруге міндетті.

4-тарау. Инсайдерлік ақпарат

25. Банктің инсайдерлік ақпаратына мыналар жатады:

- 1) Банктің бағалы қағаздары және олармен жасалған мәмілелер туралы ақпарат;
- 2) енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып, Банктің эмиссиялық бағалы қағаздары шығарылымының проспектісі;
- 3) акцияларды орналастыру қорытындысы туралы есеп;
- 4) Банк ұйымдастырылмаған нарықта сатып алғанда акциялардың құнын айқындау әдістемесі;
- 5) Банктің қаржылық есептілігі және аудиторлық есептері;
- 6) көпшілікке қолжетімді ақпарат болып табылмайтын және ашылуы Банктің бағалы қағаздарының құны мен Банк қызметінің өзгеруіне әсер етуі мүмкін үшінші тұлғаларға белгісіз өзге де ақпарат;
- 7) Банктің корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат мыналар туралы мәліметті қамтиды:
 - а) акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер;
 - б) Банктің Директорлар кеңесінің, Банк Басқармасының құрамын көрсете отырып, Банктің Директорлар кеңесін, Банк Басқармасын сайлау, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесінің, Банк Басқармасының құрамындағы өзгерістер;
 - в) Банктің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер құрамындағы өзгерістер;
 - г) Банктің бағалы қағаздарын және (немесе) өзге де ақшалай міндеттемелерін Банктің жай акцияларына айырбастау;
 - д) Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін Банктің басқа түрдегі акцияларына айырбастау;
 - е) Банк әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызына иелік ететін ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;
 - ж) Банктің ірі мәмілелерді және (немесе) бір мезгілде мынадай талаптарға жауап беретін мәмілелерді жасауы: Банк мәміленің жасалуына мүдделі және құны акционерлік қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылады.

- 8) Банк активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен талаптары туралы мәліметтерді, сондай-ақ бар болса, мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуға тиіс;
- а) Банкті мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ Банктің еншілес және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі;
 - б) Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банк мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банк мүлкін кепілден (қайта кепілден) алу;
 - в) құны Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Банк мүлкіне тыйым салу (мүлікті тыйым салудан алу);
 - г) Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Банктің қарыз алуы, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу туралы;
 - д) баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Банк мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;
 - е) сотта корпоративтік дау бойынша істің қозғалуы;
 - ж) бірінші санаттағы рұқсаттарды алу (тоқтату, тоқтата тұру);
- з) Банктің негізгі қызмет түрлерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарын өзгертуі;
- и) Банктің жарғысына және эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне сәйкес Банк акционерлерінің және (немесе) инвесторларының мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.
26. Ақпарат туындаған сәттен бастап және ол Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаға сәйкес тұлғалардың шектеусіз тобына ашылған сәтке дейін инсайдерлік болып табылады.
27. Банк және Банк инсайдерлері болып танылған тұлғалар Банктің инсайдерлік ақпаратының ресми ашылуына (жариялануына) дейін оның конфиденциалдығын қамтамасыз етеді.
28. Егер Банк инсайдерлік ақпаратқа жататын ақпараттың талап етілетін конфиденциалдық дәрежесін сақтау мүмкін емес немесе осы ақпараттың конфиденциалдығын бұзуға жол берілуі мүмкін деп есептесе, Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен

және осы Қағидада айқындалған тәртіппен және мерзімдерде оны ашу бойынша дереу шаралар қабылдайды.

29.Банктің инсайдерлері деп танылған тұлғалар Банктің инсайдерлік ақпаратын және олар шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы, оның ішінде осы Қағидада айқындалған ақпаратты ашу тәртібі мен талаптарын сақтайды.

30.Банктің инсайдерлік ақпаратына:

- 1) Инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар дайындау мақсатында жүргізілген, Банктің бағалы қағазының (туынды қаржы құралының) құнына, мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат;
- 2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
- 3) дереккөзі белгісіз, көпшілік тұлғалардың арасында таратылатын расталмаған ақпарат, сондай-ақ Банктің ағымдағы немесе жоспарланатын қызметіне қатысты болжамдар жатпайды.
- 4) Банк инсайдер болып танылған тұлғалардың инсайдерлік ақпараты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

5-тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімдері

31.Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында, сауда-саттық қағидаларында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде инсайдерлік ақпаратты жария етеді.

32.Банктің инсайдерлік ақпаратын жария етуді Банк мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыру арқылы жүзеге асырады.

33.Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және KASE ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде Банктің корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпаратты ҚЕД және KASE интернет-ресурстарында орналастырады.

34.Банк өзінің бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Банк қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және KASE ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде ҚЕД және KASE интернет-ресурстарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайда және/немесе қажет болған жағдайда, Банктің kmf.kz интернет-ресурсында орналастырады.

35.Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізіміне енгізілген кезде Банк және Банктің инсайдерлері болып танылған

тұлғалар Банк және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы жария етілуі олардың құнының өзгеруіне және Банктің қызметіне әсер ететін инсайдерлік ақпараттың KASE қағидаларында белгіленген тәртіппен және талаптарда осы бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) сауда-саттық басталғанға дейін жария етілуін қамтамасыз етеді.

36. Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін KASE сауда жүйесінде айналысқа түскен кезде, тұлғалардың үлкен тобы арасында инсайдерлік ақпаратты ашуды көздейтін хабарлар Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін KASE мекенжайына жіберіледі, содан кейін Қағидада айқындалған тәртіппен және мерзімде орналастырылады (таратылады).
37. Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін KASE сауда жүйелерінде және шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларында бір мезгілде айналысқа түскен кезде, тұлғалардың үлкен тобы арасында инсайдерлік ақпаратты жария етуді көздейтін хабарлар Банктің бағалы қағаздары тізімге енгізілген барлық қор биржасының мекенжайына бір мезгілде жіберіледі, содан кейін Қағидада анықталған тәртіппен және мерзімде орналастырылады (таратылады).

6-тарау. Банктің инсайдерлік ақпаратының пайдаланылуын бақылау

38. Банк инсайдерлері:

- 1) бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдармен мәмілелер жасаған кезде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғаларға қолжетімді етуге;
- 3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар беруге құқылы емес (тыйым салынады).

39. Банктің инсайдерлері Банктің инсайдерлік ақпаратына өздерінің қызметтік міндеттерін орындау үшін бұл ақпарат талап етілмейтін үшінші тұлғалар мен өз қызметкерлерінің қол жеткізуін шектеу үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.
40. Инсайдерлер инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алмайтын тұлғалардың қатысуында Банктің инсайдерлік ақпаратын талқыламаулары керек.
41. Инсайдерлік ақпаратты санкцияланбаған ашу қаупі туындаған немесе фактісі анықталған кезде не болмаса Банктің инсайдерлік ақпараты бар құжаттарды (ақпарат жеткізгіштерді) жоғалтқан кезде, Банктің қызметкері болып табылмайтын инсайдер бұл туралы Банкке, ал Банк

қызметкері болып табылатын инсайдер – Бас комплаенс-бақылаушыға/комплаенс-бақылау бөлімшесінің басшысына дереу хабарлауға міндетті.

42. Қазынашылық бөлімшесі Банктің KASE-де қалыптасатын бағалы қағаздарының (туынды қаржы құралдарының) бағасына апта сайын мониторинг және талдау жүргізеді және Банктің инсайдерлік ақпаратын не бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында пайдалана отырып (уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес) мәмілелер жасағаны туралы не ақпараттың санкцияланбаған жылыстауы туралы күдік болған кезде, осындай факт айқындалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні бұл туралы ақпаратты электрондық құжат айналымы жүйесі бойынша қызметтік жазба арқылы Банктің Бас комплаенс-бақылаушысына/комплаенс-бақылау бөлімшесінің басшысына жібереді. Ақпарат қазынашылық бөлімшесінде осындай күдік туындаған негіздемелерді қамтуға тиіс.
43. Банк қызметкері Банк қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратты ашу фактілерін анықтаған кезде, мұндай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы ақпаратты электрондық құжат айналымы жүйесі бойынша қызметтік жазба арқылы Банктің Бас комплаенс-бақылаушысына/комплаенс бақылау бөлімшесінің басшысына жібереді. Ақпарат осындай күдік туындаған негіздемелерді қамтуы тиіс.
44. Бас комплаенс-бақылаушы/Комплаенс бақылау бөлімшесінің басшысы қазынашылық бөлімшесінен немесе Банктің өзге де бөлімшелерінен/қызметкерлерінен (оның ішінде анонимді арна арқылы) инсайдерлердің Қағида талаптарын ықтимал бұзуы, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты пайдалануға байланысты немесе бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында іс-қимылдар туралы ақпарат алған кезде кінәлі тұлғаларды немесе ақпараттың таралу көзін анықтау мақсатында қызметтік тексеру жүргізуге бастамашылық жасау туралы шешім қабылдай алады.
45. Қызметтік тексеру нәтижелері бойынша бұзу фактісі расталған жағдайда, Бас комплаенс-бақылаушы/Комплаенс бақылау бөлімшесінің басшысы Қағиданың талаптарын бұзуға жол берген инсайдерге қатысты мынадай шараларды қабылдау туралы Басқарма төрағасының/оны алмастырушы тұлғаның алдында мыналарды қоса алғанда, бірақ шектелмей өтініш бере алады:
- 1) Инсайдерге Қағиданы бұдан былай бұзуға жол бермеу туралы талап жіберу;
 - 2) Банктің бағалы қағаздарымен (туынды қаржы құралдарымен) мәміле туралы ақпаратты уәкілетті органға мәмілені бағалы

қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мақсатында жіберу;

- 3) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қолданылуы мүмкін жағдайларда тәртіптік жаза шараларын қолдануға бастамашылық жасау;
- 4) инсайдерлердің іс-әрекеттері нәтижесінде Банкке келтірген материалдық зиянды/залалды өтеу, оның ішінде іскерлік беделге зиян келтіру туралы инсайдерге талап қоюға бастамашылық жасау;
- 5) іс материалдарын қылмыстық іс қозғау үшін құқық қорғау органдарына жіберуге бастамашылық жасау (қылмыс белгілері болған кезде);
- 6) өзге шаралар қабылдау.

- 46.Жария етілгенге дейін Банктің инсайдерлік ақпараты Банктің конфиденциалды ақпаратын құрайды.
- 47.Банк және Банк инсайдерлері болып танылған тұлғалар Банктің инсайдерлік ақпаратының ресми ашылуына (жариялануына) дейін оның конфиденциалдығын қамтамасыз етеді.
- 48.Егер Банк инсайдерлік ақпаратқа жататын ақпараттың талап етілетін конфиденциалдық дәрежесін сақтау мүмкін емес немесе осы ақпараттың конфиденциалдығын бұзуға жол берілуі мүмкін деп есептесе, Банк осы Қағидада айқындалған тәртіппен және мерзімдерде оны ашу бойынша дереу шаралар қабылдайды.
- 49.Банктің инсайдерлері болып танылатын тұлғалар Банк және олар шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы, соның ішінде Қағидада анықталған инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен талаптарын сақтайды.
- 50.Инсайдерлік ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету Қағидамен, сондай-ақ конфиденциалды ақпаратты пайдалануды регламенттейтін Банктің ішкі құжаттарымен реттеледі.
- 51.Қағиданың 4-қосымшасында көрсетілмеген Банктің жауапты бөлімшелерінің басшылары өз бөлімшесінің инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын және инсайдерлер тізіміне енгізуге жататын қызметкерлерінің тізімін анықтайды. Қызметкерді осы тармақта көрсетілген тізімге енгізу критерийі қызметкердің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу қажеттілігі болып табылады.
- 52.Инсайдерлік ақпаратты санкцияланбаған жария ету қаупі немесе фактісі туындаған не инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттар (ақпарат жеткізгіштер) жоғалған кезде Банктің инсайдер-қызметкері санкцияланбаған жария ету қаупі/фактісі туындаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өзінің тікелей басшысына хабарлауға міндетті,

ол өз кезегінде бұл туралы корпоративтік поштамен хабар жіберу арқылы комплаенс бақылау бөлімшесін ақпараттандырады.

7-тарау. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік

53. Қағиданы тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері мен басшыларына жүктеледі.
54. Қағиданың талаптарын бұзуға жол берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.
55. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған және таратқан жағдайда мұндай бұзушылықтарға жол берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әкімшілік, тәртіптік және өзге де жауаптылыққа тартылады.
56. Комплаенс бақылау бөлімшесінің басшысы Банктің ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес Қағида талаптарының сақталуын бақылау бөлігінде тиімді ішкі бақылауды ұйымдастыру және қолдау үшін жауапкершілік көтереді.
57. Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік етуді және пайдалануды ішкі бақылау процесіне қатысатын Банк бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері Банктің ішкі бақылау саясатын және Банкте ішкі бақылауды жүзеге асыру рәсімдерін регламенттейтін Банктің ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін жауапкершілік көтереді.
58. Инсайдерлер болып табылатын Банк бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері хабарламаға уақытылы қол қою үшін жауапты.
59. Комплаенс бақылау бөлімшесі инсайдерлерді инсайдерлік ақпаратқа өкімдік ету және пайдалану бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары туралы, оның ішінде инсайдерлік ақпаратқа иелік етудің құқықтық салдарлары туралы және инсайдерлік ақпаратты пайдалану және оған өкімдік ету жөніндегі заңнама және Қағида талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы хабардар етуге жауапты болады.
60. Жауапты бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері комплаенс бақылау бөлімшесіне қол қойылған хабарламаларды ұсынуға дербес жауапкершілік көтереді.
61. Жауапты бөлімшелердің басшылары комплаенс бақылау бөлімшесіне берілетін ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы үшін және оны ұсыну мерзімдерінің сақталуы және оны өзекті күйде ұстау үшін (оның ішінде инсайдерлер деректемелерінің өзектілігі бөлігінде) жауапкершілік көтереді.
62. Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік ету мен пайдалануды ішкі бақылау процесіне қатысатын Банк бөлімшелерінің басшылары мен

қызметкерлері өздерінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидатын қатаң ұстануға міндетті және Банктегі мүдделер қақтығысын басқару саясатын регламенттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарының ережелерін сақтауға жауапты болады. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда инсайдерлік ақпаратқа өкімдік етуді және пайдалануды ішкі бақылау процесіне қатысатын Банк бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері бұл туралы тікелей басшыға және комплаенс-бақылау бөлімшесіне хабарлайды.

8-тарау. Қорытынды ережелер

- 63.Осы Қағида оны Банктің Директорлар Кеңесі бекіткен күннен бастап қолданысқа енеді.
- 64.Сипатталған процеске қатысатын Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері осы Қағиданы орындауға міндетті.
- 65.Жоғарыда баяндалған процеске қатысатын Банк қызметкерлері Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес осы Қағиданың талаптарын сақтауға жауапты болады.
- 66.Осы Қағиданың талаптарын тиісінше орындамағаны және бұзғаны үшін жауапкершілік осы Қағидамен реттелетін процеске қатысатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.

«КМФ Банк» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа өкімдік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасына

1-
қосымша

20__ жылғы «__» _____
инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын
ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

Жаңартылды «__» _____ 20__ ж.

Жеке тұлғалар бойынша

№	Аты-жөні	Туған күні	Лауазымы	Тізімге енгізуге негіздеме	Негіздеменің туындаған күні	Тізімнен шығару күні	Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу сипаты (тұрақты/уақытша)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Заңды тұлғалар бойынша

№	Заңды тұлғаның атауы	Тіркеу/қайта тіркеу күні және нөмірі	Заңды тұлғаның мекенжайы (орналасқан жері)	Тізімге енгізуге негіздеме	Негіздеменің туындаған күні	Тізімнен шығару күні	Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу сипаты (тұрақты/уақытша)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Инсайдерлер тізімін жүргізу және өзекті күйде ұстау үшін жауапты тұлға _____

«КМФ Банк» АҚ-да
инсайдерлік ақпаратқа өкімдік
етуді және пайдалануды ішкі
бақылау қағидасына
2-қосымша

**Заңды тұлғаға «КМФ Банк» АҚ инсайдері
мәртебесін алғаны туралы
ХАБАРЛАМА**

Осы арқылы «КМФ Банк» АҚ (бұдан әрі – КМФ)
_____ (заңды тұлғаның атауын көрсету
кажет) (бұдан әрі – Ұйым) 20__ жылғы «__» _____ бастап КМФ
инсайдері мәртебесін Ұйымның:

- ✓ КМФ-тің дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызына тікелей немесе жанама иелік ету, пайдалану және (немесе) өкімдік ету құқығына иелік ететіндігіне;
- ✓ КМФ эмитент болып табылатын туынды қаржы құралдары тізімге енгізілген сауда-саттықтың ұйымдастырушысы болып табылатындығына;
- ✓ КМФ инсайдерлік ақпаратын ашу көзделіп жасалған (соның ішінде ауызша) шартқа сәйкес КМФ қызметтерін көрсететін тұлға болып табылатындығына;
- ✓ Ұйым КМФ-тің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өзге жағдайларға байланысты алғаны туралы хабардар етеді.

Осыған байланысты Ұйым «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қоса алғанда, КМФ инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жария ету бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасын сақтауға міндетті (КМФ-тің www.kmf.kz ресми интернет-сайтында орналастырылған), соның ішінде:

- ✓ КМФ эмитент болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде КМФ инсайдерлік ақпаратын пайдаланбау;

- ✓ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, КМФ инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеу немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеу;
- ✓ КМФ инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер атқару туралы үшінші тұлғаларға кеңес бермеу;
- ✓ өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты КМФ инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлерінің тізімін жүргізу;
- ✓ өз қызметкерлерін КМФ инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары және Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы туралы хабардар ету;
- ✓ Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасында белгіленген тәртіпте және мерзімде өздері мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар туралы (мұндай ұйымдарға КМФ инсайдерлік ақпаратын ашқан жағдайда) КМФ-ке хабардар ету;
- ✓ өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты КМФ инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар қызметкерлердің КМФ-ке берілген дербес деректерінің «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жиналып, берілуіне кепілдік беру;
- ✓ өздері мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдарды олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының КМФ инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу бөлігіндегі талаптарын сақтау қажеттілігі туралы, сондай-ақ Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік ету мен пайдалануды ішкі бақылау қағидасы (мұндай ұйымдарға КМФ инсайдерлік ақпараты ашылған жағдайда) туралы хабардар ету;
- ✓ КМФ-ке өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Банкке мынадай ақпаратты беру арқылы КМФ инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлері туралы хабарлау.

Жеке тұлғаның аты-жөні (бар болса әкесінің аты)	Туған күні	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеменің туындаған күні	Инсайдерлер тізімінен шығарылған күні

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және/немесе Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасын бұзғаны үшін Ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікті көтереді.

Банктің инсайдерлік ақпаратын және Банк Қағидасын пайдалану/жария ету бөлігінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңының талаптарымен таныстым, жауапкершілік туралы хабардармын.

_____ (Ұйымның (Ұйымның атауы) уәкілетті тұлғасының лауазымы, аты-жөні), қолы

«КМФ Банк» АҚ-да
инсайдерлік ақпаратқа өкімдік
етуді және пайдалануды ішкі
бақылау қағидасына
3-Қосымша

**Жеке тұлғаға «КМФ Банк» АҚ инсайдері
мәртебесін алғаны туралы
ХАБАРЛАМА**

Осы арқылы «КМФ Банк» АҚ (бұдан әрі – КМФ)

_____ (аты-жөнін көрсету қажет) 20__ жылғы «__»
_____ бастап Сіздің «Бағалы қағаздар нарығы туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының 56-1 бабының 3-тармағына сәйкес КМФ
инсайдері болып танылатыныңызды хабарлайды. Осыған байланысты Сіз
«Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын
қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының КМФ инсайдерлік
ақпаратын пайдалану/жария ету бөлігіндегі талаптарын, сондай-ақ
Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік етуді және пайдалануды ішкі бақылау
қағидасын сақтауыңыз қажет (КМФ-тің www.kmf.kz ресми интернет-
ресурсында орналастырылған), соның ішінде:

- ✓ КМФ эмитент болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде КМФ инсайдерлік ақпаратын пайдаланбау;
- ✓ КМФ инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеу немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеу;
- ✓ үшінші тұлғаларға КМФ инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер атқару туралы кеңес бермеу.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және/немесе Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасын бұзғаны үшін Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтересіз.

Осы хатқа қол қоя отырып, Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында инсайдерлерге қатысты белгіленген, жоғарыда көрсетілген шектеулерді қабылдағаныңызды, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты жария етпеу туралы жоғарыда көрсетілген міндеттемелерді қабылдағаныңызды және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны және таратқаны үшін санкциялармен танысқаныңызды растайсыз.

КМҒ инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жария ету бөлігінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңының талаптарымен және Қағидамен таныстым, жауапкершілік туралы хабардармын.

.....
(Аты-жөні, қолы)

.....
(Күні)

Осы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей оған қол қояды және осы хабарламаның қол қойылған көшірмесін КМҒ-ке қайтаруды сұраймыз.

«КМФ Банк» АҚ-да
инсайдерлік ақпаратқа өкімдік
етуді және пайдалануды ішкі
бақылау қағидасына
4-қосымша

**КМФ инсайдерлері тізіміне
міндетті түрде енгізуге жататын
«КМФ Банк» АҚ (бұдан әрі – КМФ) бөлімшелерінің тізбесі**

1. Инсайдерлер тізіміне өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты КМФ инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын КМФ-тің мынадай бөлімшелерінің басшылары мен жауапты қызметкерлері енеді:
 - 1) корпоративтік хатшының бөлімшесі;
 - 2) ішкі аудит бөлімшесі;
 - 3) комплаенс-бақылау бөлімшесі;
 - 4) қаржы департаменті;
 - 5) заң бөлімшесі;
 - 6) қазынашылық бөлімшесі;
 - 7) кредиттік және операциялық тәуекелдер бөлімшесі;
 - 8) HR бөлімшесі.
2. HR бөлімшесі КМФ-тің уәкілетті органының тиісті шешім қабылдағаны туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде КМФ-тің бекітілген ұйымдық құрылымын және/немесе оған енгізілген өзгерістерді электрондық құжат айналымы жүйесінде қызметтік жазба арқылы Комплаенс бақылау бөлімшесіне жібереді.